

БЕКІТІЛГЕН:

«National Conservation Initiative»

корпоративтік қорының

директоры

2022 жылы «18» ақпандағы

№01 бұйрық



Байбакишева А.М.

**2022 жылы «Sustainability Living Lab: Outreach»
бағдарламасы шеңберіндегі жобалардың конкурсын өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

Нұр-Сұлтан қаласы, 2022 жыл

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы «Sustainability Living Lab: Outreach» бағдарламасы шеңберіндегі жобалардың конкурсын өткізу туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) «Шеврон Мұнайгаз Инк.» және «National Conservation Initiative» корпоративтік қоры арасында № _____ FCPA әлеуметтік бағдарламасын іске асыруға 2022 жылғы «___» _____ № _____ демеушілік көмек көрсету шартына сәйкес әзірленген.

1.2. Осы Ереже 1-қосымшада көрсетілген университеттер базасында «Sustainability Living Lab: Outreach» бағдарламасы шеңберіндегі жобалардың конкурсын (бұдан әрі – Конкурс) өткізу тәртібін айқындайды.

1.3. «Sustainability Living Lab: Outreach» бағдарламасы университеттің студенттерін, профессорлары мен қызметкерлерін тарту арқылы кампуста тұрақты даму бойынша зерттеу және инновациялық жобаларды енгізуге арналған.

1.4. Конкурстың бенефициарлары 1-қосымшада көрсетілген университеттер (бұдан әрі – Университеттер) болып табылады.

1.5. Конкурстың ұйымдастырушылары Назарбаев Университеті ДБҰ-ның Тұрақты даму офисі (бұдан әрі – Офис) және «National Conservation Initiative» корпоративтік қоры (бұдан әрі – Қор) болып табылады.

1.6. Осы Ереже Конкурсты өткізу тәртібін, қатысушыларға қойылатын талаптарды, жеңімпаздарды іріктеу критерийлерін айқындайды және конкурстық іс-шаралар аяқталғанға дейін қолданылады.

2. Конкурстың мақсаттары мен міндеттері

2.1 Конкурстың мақсаты Университеттер кампусының тұрақты дамуын жақсартуға ықпал ететін Университеттер қоғамдастықтарының жасыл бастамаларын қолдау болып табылады:

– Университеттердің студенттеріне, оқытушылары мен қызметкерлеріне қолданбалы зерттеулер мен инновацияларды қолдану арқылы Университеттердің нақты экологиялық мәселелерін шешуге мүмкіндік беру;

– Тұрақты даму мәселелерінде Университеттер қоғамдастығының ақпараттық білімділігін арттыру;

– Жобаларды іске асыру барысында алынған практикалық және білім беру тәжірибесі.

3. Конкурсты өткізу мерзімдері

3.1 Конкурсқа қатысуға жобалардың өтінімдерін қабылдауды Офис 2022 жылғы 21 ақпаннан бастап 2022 жылғы 5 сәуірге дейін жүргізеді.

3.2 2022 жылғы 15 сәуірге дейінгі мерзімде Офис жобаларды одан әрі онлайн тыңдауға қатысу үшін 33 жобаға дейін (әр университеттен 3 жобадан артық емес) іріктеп алады және 2022 жылғы 18-22 сәуірде 16-ға дейін жеңімпаз жобаны анықтау үшін конкурстық комиссияның қатысуымен жобаларды онлайн тыңдауды өткізеді.

3.3 Өткізілген Конкурс хаттамасының негізінде және 2022 жылғы 15 мамырға дейінгі мерзімде Қор Университеттермен жеңімпаз жобаларды іске асыруға ақшалай қаражат беру туралы келісім жасасады.

3.4 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі мерзімде Университеттер Қорға Келісімге Қосымшаға сәйкес жобаларды іске асыру туралы есеп береді.

4. Конкурса қатысу шарттары

4.1 Конкурса Университеттердің студенттері, профессорлары мен қызметкерлері қатыса алады.

4.2 Жобаның өтінім берушілерінің командасы кемінде 2 адамнан тұруы тиіс.

4.3 Жоба мынадай басым бағыттарға сәйкес келуі тиіс:

– Энергетика (энергия тиімділігін арттыру бойынша шаралар, жаңартылатын энергия көздерін енгізу, ақылды есептегіштер және т. б.)

– Жасыл ғимараттар (жасыл құрылыс стандарттары, құрылыстағы тұрақты материалдар, энергия аудиті, үй-жайлардағы ауа сапасын зерттеу және т. б.)

– Көлік (баламалы отын көзі, көлік түрі және т. б.)

– Кампусты көгалдандыру (ботаникалық бақ, қалалық ауыл шаруашылығы және т. б.)

– Қалдықтарды басқару (органикалық қалдықтарды дұрыс сұрыптау, қайта өңдеу, компосттау және т. б.)

– саланың тұрақты дамуына сәйкес келетін басқа да бағыттар.

4.4 Конкурса қатысу үшін өтінім нысанын (№1 қосымша) және жобаның бюджетін (№2 қосымша) толтырып, белгіленген мерзімде Офистің электрондық поштасының мекенжайына электрондық нысанда жіберу қажет green.campus@nu.edu.kz.

4.5 Жобаның бюджеті салықтар мен бюджетке төленетін басқа да төлемдерді қоса алғанда, 800 мың теңгеден аспауы тиіс.

4.6 Бірлескен қаржыландыру құпталады.

4.7 5.3-тармақта көрсетілген қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін жіберілген өтінімдер қаралмайды және Конкурса қатысуға жіберілмейді.

4.8 Конкурса ұсынылған барлық жобалардың өтінімдері кері қайтарылмайды және рецензияланбайды.

5. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу тәртібі

5.1 Конкурсты өткізу үшін әрбір Университетте жобалардың өтінімдерін сараптамалық бағалау және Конкурс жеңімпаздарын анықтау мақсатында конкурстық комиссия құрылады.

5.2 Конкурстық комиссияның құрамына Назарбаев Университетінің өкілдері (қазылар алқасының 5 мүшесі) және Шеврон компаниясының 1 өкілі шақырылады.

5.3 Офис Конкурсты онлайн режимде Зум платформасында өткізеді.

5.4 Офис конкурстық комиссияның мүшелеріне жобаларды онлайн тыңдауды өткізуге сілтемені алдын ала жібереді.

6. Конкурстың жеңімпаздарын анықтау және оларды марапаттау тәртібі

6.1 Жеңімпаздардың жобаларын конкурстық комиссияның мүшелері мына критерийлер бойынша бағалайды:

– Хабардарлыққа әсері: сәтті болған жағдайда, жоба университетте «жасыл күн тәртібі» туралы хабардарлықты едәуір арттырады.

– Кампусқа әсері: сәтті болған жағдайда, жоба Университет кампусын барынша жағымды / жасыл / таза жер етеді.

– Жобаның тұрақтылығы: сәтті болған жағдайда, жоба ұзақ уақыт бойы университет тарапынан ешқандай қосымша ресурстарсыз / қызмет көрсетусіз

жұмыс істейді.

– Студенттерді тарту: сәтті болған жағдайда, жобаға Университет студенттерінің көп саны тартылатын болады.

– Карантин кезінде жобаның іске асырылуы: жобаны қашықтан орындау мүмкін бе.

– Инновациялылық университет базасында құрылған технологияларды пайдалану.

6.2 Жобаларды конкурстық комиссияның мүшелері балдық жүйе бойынша әрбір критерий бойынша – 1-ден 10 балға дейінгі шкала бойынша бағалайды. Қазылар алқасының шешімі жобаның қазылар алқасының әрбір мүшесінен алынған орташа балл жиынтығына негізделеді және конкурстық комиссия төрағасы қол қойған хаттама нысанында ресімделеді.

6.3 Егер алынған жобалардың өтінімдері осы Ереженің шарттарына сәйкес келмесе, Конкурсты ұйымдастырушылар оларды қабылдаудан бас тартуға құқылы.

6.4 Конкурс қорытындылары жобаларды онлайн тыңдағаннан кейін жарияланады. Офис жобалардың барлық өтінім берушілерін конкурс комиссиясының шешімі туралы жазбаша хабардар етеді.

6.5 Конкурстардың қорытындылары бойынша Қор іріктеп алынған жобалардың жиынтық бюджетіне сәйкес жеңімпаз жобаларды (бірақ 3 жобадан артық емес) іске асыруға Университеттермен қызмет көрсетуге шарттар жасасу арқылы, бірақ салық пен міндетті аударымдарды ескере отырып, жобаға 700 мың теңгеден аспайтын ақша қаражатын бөледі.

6.6 Ең жоғары көрсеткіштен 70% балл (42 балл) жинамаған жеңімпаз жобалар конкурсының лауреаттары болып жарияланады, бірақ грантпен марапатталмайды.

6.7 Конкурстың барлық жеңімпаз жобалары олардың іске асырылуы аяқталғаннан кейін сертификаттармен марапатталады.

6.8 Конкурсты ұйымдастырушылардың қалауы бойынша жеңімпаздар басқа да ақпараттық және имидждік іс-шараларға қатысуға тартылуы мүмкін.

7. Басқа шарттар

7.1 Осы Ережеге сәйкес Конкурсқа қатысуға өтінімдерді жіберу қатысушылардың Конкурс өткізу шарттарымен толық және сөзсіз келісетіндігін білдіреді.

7.2 Жобаны іске асыру аяқталғаннан кейін жобаны іске асыру процесінде сатып алынған немесе алынған барлық негізгі құралдар және/немесе өзге де материалдық құндылықтар Университеттердің балансында және аумағында 3 жыл бойы қалуы тиіс. Көрсетілген мерзім өткеннен кейін және жобаның өтінім берушілерінің қалауы бойынша барлық сатып алынған негізгі құралдар мен материалдар жобаның өтінім берушілеріне берілуі мүмкін.

8. Қорытынды ережелер

8.1 Ұйымдастырушылар тарапынан конкурстың кураторлары: Ермекова Гүлжан, Тұрақты даму офисі, «Назарбаев Университеті» ДБҰ (e-mail: gulzhan.yermekova@nu.edu.kz), Байбақышева Әсел, «National Conservation Initiative» корпоративтік қоры (e-mail: assel.baibakishева@nu.edu.kz). Университеттердің кураторларын Университеттердің өздері тағайындайды, олардың Т.А.Ә. және байланыс деректері Ұйымдастырушыларға 2022 жылғы 10 сәуірге дейінгі мерзімде беріледі.

8.2 Осы Ереже Қор оны бекіткен сәттен бастап күшіне енеді.

8.3 Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Офиспен келісілгенде Қордың шешімі бойынша енгізіледі.

«Sustainability Living Lab: Outreach»
бағдарламасы шеңберіндегі жобалардың
конкурсын өткізу туралы ережеге
1-қосымша

ЖОО-лардың тізімі

1. Ғ. Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті,
2. М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті,
3. Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,
4. Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
5. Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,
6. Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті,
7. Сүлейман Демирел атындағы университет,
8. М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті,
9. Қарағанды техникалық университеті,
10. Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университет,
11. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті.

«Sustainability Living Lab: Outreach»
бағдарламасы шеңберіндегі жобалардың
конкурсын өткізу туралы ережеге
2-қосымша

Өтінім / Заявка

«Sustainability Living Lab: Outreach» бағдарламасы шеңберіндегі
жобалардың конкурсына қатысуға /
на участие в конкурсе проектов в рамках программы
«Sustainability Living Lab: Outreach»

Электрондық пошта мекенжайы: / Адрес электронной почты:

Т.А.Ә. / ФИО:

Ұялы телефон нөмірі / Номер сотового телефона:

Университетте кім болып жұмыс істейсіз? / Кем Вы работаете в Университете?:

- Студент
- ОПҚ / ППС
- Ғылыми қызметкер / Научный сотрудник
- Қызметкер / Сотрудник

Факультетіңіздің атауы? / Название вашего Факультета?:

Жобаңыздың атауы? / Название вашего проекта?:

Командаңыздың қатысушылары және олардың міндеттері? /

Участники Вашей команды и их обязанности?:

максимум 500 таңба / максимум 500 символов

Жобаңыздың санатын таңдаңыз / Выберите категорию вашего проекта:

- Ғылыми / Научный
- Инновациялық / Инновационный

Жобаңыз қандай мәселені шешеді? / Какую проблему решает Ваш проект?:

максимум 500 таңба / максимум 500 символов

Сіздің ұсынған шешіміңіз қандай? / Предлагаемое вами решение?:

максимум 600 таңба / максимум 600 символов

Жобаңызбен қанша уақыт жұмыс жасадыңыз, жобаның қазіргі даму кезеңі қандай? / Как долго вы работали над своим проектом, текущий этап развития проекта?:

максимум 600 таңба / максимум 600 символов

Сіздің жобаңызға қосымша қаржылық қолдау көрсетіле ме? / Есть ли у вашего проекта дополнительная финансовая поддержка?:

Осы өтінімге презентацияңызды тіркеуді өтінеміз / Пожалуйста прикрепите к данной заявке Вашу презентацию

Максималды файлдар 1, максималды файл мөлшері 100 МБ / Максимальное количество файлов 1, Максимальный размер файла 1МБ

Youtube немесе Google дискідегі сіздің видео файлыңызға сілтеме (міндетті емес, бірақ ұсынылады) / Ссылка на ваш видеофайл на YouTube или Google

ДИСК (міндетті емес, бірақ ұсынылады / не обязательно, но рекомендуется):

Өтінім, презентация және толтырылған бюджет нысаны мына поштаға жіберіледі: green.campus@nu.edu.kz

Заявка, презентация и заполненная форма бюджета направляется на почту: green.campus@nu.edu.kz

Өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі – 2022 жылғы 5 сәуір
Крайний срок приема заявок 5 апреля 2022 год

« _____ » _____ 2022 ж/ г. Т.А.Ә. / ФИО: _____

«Sustainability Living Lab: Outreach»
бағдарламасы шеңберіндегі жобалардың
конкурсын өткізу туралы ережеге
3-қосымша

**«Sustainability Living Lab: Outreach» бағдарламасы шеңберіндегі
конкурсқа қатысуға бюджеттік өтінімнің нысаны**

Санат	Атауы	Сипаттама	KZT құны (ҚҚС-сыз)
Материалдар			
Материалдар бойынша жиыны			
Жабдықтар			
Жабдықтар бойынша жиыны			
Көрсетілетін қызметтер*			
Көрсетілетін қызметтер бойынша жиыны			
Смета бойынша барлығы			

*Жалақы бұл шығыстарға кірмейді